


7 санына көбейту және бөлу кестесі

№ 39 сабақ

Әр секіруде 7 бірлік бар. Үш, бес, сегіз секіруде неше бірлік бар?



Секіру саны	1	3	5	8
Бірлік	7	21	7+7+7+7+7+7+7+7	

7 санына көбейту және бөлу кестесі:

$7 \cdot 7 = 49$

$49 : 7 = 7$

$8 \cdot 7 = 56$

$56 : 8 = 7$

$9 \cdot 7 = 63$

$63 : 9 = 7$



№2. Берілген есепке кері есеп құрастыр.

63 кг қараөрік 7 қорапқа теңдей бөлініп салынды. Әр қорапта неше килограмм қараөрік бар?



63 кг



$$63 : 7 = 9 \text{ (кг)}$$

Жауабы: әр қорапта 9 килограмм қараөрік бар



1-кері есеп.

63 кг қараөрік әр қорапқа 9 килограмнан салынды. Неше қорап болады?



63 кг


$$63:9=7 \text{ (қ.)}$$

Жауабы: 7 қорап.



2-кері есеп.

Қараөрік әрқайсысына 9 килограмнан 7 қорапқа теңдей бөлініп салынды. Қораптарға барлығы неше килограмм қараөрік салынды?



? кг


$$9 \cdot 7 = 63 \text{ (кг)}$$

Жауабы: қораптарға 63 килограмм қараөрік салынды .



Бір шелекте 7 кг картоп бар, бұл барлық жиналған картоптың сегізден бір бөлігін құрайды. Жүйектен барлығы неше килограмм картоп жиналды?

Барлық түсім




1 шелекте



1

8

бөлік



$$7 \cdot 8 = 56 \text{ (кг)}$$

Жауабы: жүйектен 56 килограмм картоп жиналды.

Жүйектен 56 кг картоп жиналды. Сегізден бір бөлігі шелекке салынды. Шелекке неше килограмм картоп салынды?

Барлық түсім



1 шелекте



1

8

бөлік

? кг

56 кг

$$56:8=7 \text{ (кг)}$$

Жауабы: шелекке 7 килограмм картоп салынды.



Жүйектен 56 кг картоп жиналды. Шелекке 7 кг картоп салынды. Шелектегі картоп барлық түсімнің қандай бөлігі болады?

Барлық түсім



1 шелекте



Қандай бөлік?

7 кг

56 кг

$$56:7=8$$

Жауабы: барлық түсімнің сегізден бір бөлігі шелекке салынды.



№3. Салыстыр

$$21 + 24$$



$$21 + 73$$

$$49 + 40$$



$$56 + 20$$



№4. Кесте бойынша есептер құрастырып, оларды шығар



Бағасы

Саны


Құны



5 теңге

7

35
теңге



7 теңге

9

63 теңге



8 теңге

7

56 теңге